

**«Менің сүйікті ертегім »
атты театр үйірмесі**

Тобы: Балдырған

Үйірме жетекшісі: Алпысбаева К

2024-2025ж.оқу жылы

Бекітемін: *Ш.Муберкова* - 29.08.2019

№ 9 «Балауса» бөбекжай-балабақша
меңгерушісі: Ш.Муберкова

**Ортаңғы топқа арналған
(балалар қызығушылығына арналған)
«Менің сүйікті ертегім» атты театр үйірмесі**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	«Бауырсақ» ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	1	Қыркүйек
2	«Үйшік» ертегісі	Достыққа, бірлікке үйрету	1	Қазан
3	«Үш торай» ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу	1	Қараша
4	«Мақта қыз бен мысық ертегісі»	Сөздік қорын молайту үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу	1	Желтоқсан
5	«Үш аю» ертегісі	Ертегі кейіпкерлері арқылы қамқорлық, аяушылық сезімдерін ояту	1	Қаңтар
6	«жеті лақ» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру	1	Ақпан
7	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын үйрету, сөздік қорларын молайту.	1	Наурыз
8	«Қорқақ қоян» ертегісі	Ертегі мазмұнын сұрау, қоянға сипаттама жасау.	1	Сәуір
9	«Үш дос» ертегісі	Адал дос бола білуге үйрету.	1	Мамыр

Тексерілді
Әзімбетов
7.02.2025
А.А.

Бекітемін:
№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: **«Жеті лақ» ертегісі**

Үйірме жұмысы:

Балдырған тобы

Тәрбиешісі: **Алпысбаева К.**

2024-2025ж.оқу жылы

Тақырыбы: "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісі. **Күні:** 16.01.2025ж

Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіну, негізгі ойды ашу, бала тілін жетілдіру. Ойқиялын, сөздік қорын дамыту. Ұйымшылдыққа, зеректікке тәрбиелеу.

Автор: Баяғыда бір ешкінің жеті лағы болыпты. Ешкі көк майсада шөп жеп, мұп-мұздай су ішуге орманға кетеді екен. Ол кетісімен лақтары үйшік есігінің күршегін іліп алып, өздері ешқайда шықпайды екен.

Ешкі өрістен келген соң, есікті қағып:

Лақтарым, шырақтарым! Аша қойыңдар, аша қойыңдар! Енелерің келді- Сендерге сүт әкелді Емешегім иіп тұр. Аппак сүтім тамшылап, Тұяғыма тиіп тұр!

– **Автор:** деп өлеңдетеді екен.

Жеті лақ есік күршегін ашып енелерін кіргізеді. Ешкі лақтарын сүтке тойғызып, қайтадан орманға кетеді. Ал, лақтары есікті мықтап жауып алады.

Автор: Ешкі орманға кеткенін байқап қасқыр: О, мына орманда ешкі де тұрады екен ғой! Өзінің неше лағы бар, оңай олжаға тап болдым ғой. Қарным бір тоятын болды. (деп қарнын сипап қояды.)

Автор: Ешкінің өлеңін қасқыр тыңдап тұрады. Ешкі орманға кетісімен, қасқыр есікке келіп жұп-жуан даусымен.

Қасқыр: О, Лақтарым! Ой шырақтарым! Аша қойыңдар, Аша қойыңдар! Енелерің келді- Сендерге сүт әкелді Тұяғым шылқыған су.

Автор: -дейді өлеңдетіп.

Лақтар: -Естідік, естідік-біздің енеміздің даусы жіңішке, өлеңі де бұдан басқа. – дейді.

Автор: Қасқыр не істесін. Ұстаға барады да, көмейіне жіңішке тіл салып беруін сұрайды. Өлең айтқанда даусы жіңішке шықсын деп ұста көмейіне жіңішке тіл салып береді.

Қасқыр: О, ұста менің көмейіме жіңішке тіл салып бер әйтпесе жеп қоямын.

Үста:Қолымнан келмейді.

Қасқыр:Жеп қоямын, жіңішкертiп бер дейдi.

Автор:Үйшiктiң жанына келедi де, бұта арасына жасырынады.Өрiстен ешкi келедi.Есiктi қағып.

Лақтар: Бұл кiм? Ешкi:Лақтарым, шырақтарым! Аша қойындар! Енелерiң келдi- Сендерге сүт әкелдi Емешегiм нiп тұр. Аппақ сүтiм тамшылап, Тұяғыма тиiп тұр!-

Автор:дейдi әндетiп

Лақтар:Есiк ашып, енесiн кiргiзедi.Бәрi қасқырдың қалай келгенiн, өздерiн жемек болғанын анасына айтып бередi.

Ешкi кетерiнде: -Егер бiреу келiп, мен айтатын өлеңдi түгел айтпаса және даусы жуан болса есiктi ашпаңдар,-деп қатты тапсырады.

Автор:Ешкi кетiсiмен қасқыр есiкке келедi.Содан жiп-жiңiшке даусымен.

Қасқыр: Лақтарым, шырақтарым! Аша қойындар, аша қойындар! Енелерiң келдi- Сендерге сүт әкелдi Емешегiм нiп тұр. Аппақ сүтiм тамшылап, Тұяғыма тиiп тұр! – деп әндетедi. Лақтар анасы екен деп есiктi ашады.

Қасқыр: О, шырақтарым менен қорықпаңдар.Менi сендерге енелерiң жiбердi, аналарың орманда күтiп отыр,-дейдi.Лақтар қасқырдың соңынан ерiп жүре бередi.

Автор:Ешкi өрiстен келедi, өлеңiн қанша рет қайталайды.Үн жоқ.Қараса есiк ашық, үйге кiсе, бiр лақ қалмаған.Пештiң iшiн қараса, жалғыз лағы қалыпты.Лақтарынан айрылған ешкi есiгiнiң алдына отырып жылай бередi.

Лақ:Апа, сiз жоқта, қасқыр сiздiң даусыңызды салып, сiздiң өлеңiңiздi айтты.Бiз есiк аштық.Қасқыр бiздi алдап бауырларымды орманға алып кеттi.

Автор:Ешкi орманда аңшыны көрiп жылап көмек сұрайды.

Ешкi:Аңшы, маған көмек берiңiз!Қасқыр менiң лақтарымды алдап, орманға алып кетiптi.

Аңшы:О, жүр мен оның сазайын тартқызайын. Ешкi аңшыны ертiп қасқырдың ұясына келедi.

Қасқыр:Ой, мынау аңшы ғой, қолындағы мылтығы ма?Қой атып тастамай тұрғанда қашайын.

Лақтар:О, анамыз келдi, апа кешiрiңiз ендi есiктi ешкiмге ашпаймыз,-деп жылайды.

Автор: Ешкi лақтарымен табысып, орманда бақытты өмiр сүредi.





Бекітемін:
№9 «Балаусал» бобокжай – балабақшасының
менгерушісі: Ш.Муберкәпа



«Бояулар сыры» бейнелеу өнері үйірме жұмысы

«Балдырған» ортаңғы тобы

Жетекшісі: Досжанова Ақбота



2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Қазақстанның болашағы бүгінгі мектепке дейінгі білімнен бастау алып, мектеп жасына дейінгі балалардың білігі мен біліміне тікелей байланысты екені анық. Қазіргі кезде білім беру ісі мемлекеттік саясаттың, қоғамдық және экономикалық өмірдің артықшылығы бар сындарлы сапасына айналды. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, ой-өрісі ақпарат көздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой-өрісікең, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының Өскелең ұрпақ эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортаның сұлулығын көріп-түсіне білу мәдениетін тәрбиелеуге, көркем –эстетикалық сезімді, еңбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге өзір болуға, тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда үйірмедегі сабақтар бала тұлғасының жан-жақты және үйлесімді қалыптасуына, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға септігін тигізіп, еңбекке баулып, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру міндеттерін шешеді.

Бағдарламада өр оқу іс-әрекетінде сурет салу өнері негіздерін меңгерту

«Бояулар сыры» үйірмесінің бағдарламасын ұсынудағы мақсат:

Сурет салу арқылы шығармашылыққа баулу, эстетикалық сезімталдықты дамыту, шығармашыл және жасампаз тұлғаны қалыптастыру, тұлғаның өлеуметтік және кәсіби тұрғыдан айқындалуы.

Бұл мақсатқа төмендегі үш міндетті өзара ұштастыру арқылы жетуге болады.

Тәрбиелілік: көркемдеп бейнелеу арқылы қоршаған дүниеге деген эмоциялық – құндылықтар көзқарасын қалыптастыру, этика –эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.

Көркем-шығармашылық: балалардың шығармашылық идеяларын жүзеге асыруда сын тұрғысынан ойлау жолдарын, затқа қарап сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерді, қиял мен ұшқыр ойды, бейнелі ойлау тәсілдерін дамыту.

Техникалық: сурет салу техникасының бастапқы дағдыларын игерту

Күтілетін нәтиже:

Бағдарламаны жүзеге асырудың басты нәтижесі – әр баланың өз бірегей өнімін дүниеге келтіруі. Ал бала еңбегін бағалаудағы бастынысана –оның дарындылығына емес, мақсатқа жетуге ұмтылудағы қажырлы еңбегі, табандылығы, сурет салудың барлық қыр-сырын меңгеруі керек.

Нәтижесінде бала:

- Қарапайым сюжеттік -композицияларды құрай білуге
- Негізгі түстерді дұрыс айту және ажырата білуге
- Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игеруге;
- Дәстүрден тыс сурет салудың техникасына қызығушылық танытуға;
- Сурет салудың бастапқы техникасын игеруге;
- Дақтарды, сызықтарды, штрихтарды, бояуларды қолдануды үйретеді және мүмкіндік жасайды.

Оқу жүктемесі: аптасына 1 сағаттан

№	Тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
1	Кіріспе.Күз туралы өңгіме	1	03.09.2024ж
2	Экскурсия. Күзгі ағаштарды, жапырақтарды, гүлдерді бақылау.	1	10.09.2024ж
3	«Күзгі ағашты» бейнелеу	1	17.09.2024ж
4	Күзгі жапырақ , бояу.	1	24.09.2024ж
5	«Жеміс жидектер» дәстүрден тыс техникасы арқылы бейнелеу	1	1.10.2024ж
6	«Гүлдер» (трубкамен үрлеу техникасы бойынша)	1	08.10.2024ж
7	«Үй құстары» бейнелеу дәстүрден тыс техника бойынша	1	15.10.2024ж
8	Оттиск. Қағазға, картонға жапырақтарды бейнелеу.	1	22.10.2024ж
9	Мақталы таяқша арқылы бояу техникасы ментанысу. «Кірпілер орманда» тақырыбында сурет салу.	1	29.10.2024ж
10	Тұз арқылы сурет салу әдісі. «Бұлттар» бейнелеу	1	05.11.2024ж
11	Шашырату әдісі арқылы сурет салу. «Қолшатыр» бейнелеу	1	12.11.2024ж
12	Жапсырмалы аппликация. Жапырақтарды жапсыру арқылы түрлі бейнелер жасау	1	19.11.2024ж
13	Саусақпен бастырып нүктелеу арқылы, күзгі ағаштардағы жемістерді бейнелеу	1	26.11.2024ж
14	Дақтарды суретке айналдырамыз. Контурларын салу.	1	03.12.2024ж
15	Терезеге сурет салу «Аязата мен ақшақар»	1	10.12.2024ж
16	Терезеге сурет салу «Аязата мен ақшақар»	1	17.12.2024ж
17	«Аққала» бейнелеу Дәстүрден тыс техникасы бойынша	1	24.12.2024ж
18	«Шырша» бейнелеу	1	31.12.2024ж
19	«Ақ ұлпа қарлар» бейнелеу Дәстүрден тыс техникасы бойынша	1	07.01.2025ж
20	«Көңілдісмайликтер» бейнелеу	1	14.01.2025ж
21	Терезедегі өрнектер акварель	1	21.01.2025ж

22	«Ойыншықтар» бейнелеу.Ақварельмен жұмыс	1	28.01.2025
23	«Қысқы ағаштар» бейнелеу	1	04.02.2025ж
24	Тұзбен сурет салу әдісі бойынша «Қызықты қыс»	1	11.02.2025ж
25	«Қысқы киім» бейнелеу Дәстүрден тыс техникасы	1	18.02.2025ж
26	«Аквариумдағы балықтар» бейнелеу Дәстүрден тыс техникасы	1	25.02.2025ж
27	«Көктемгі бәйшешек» гүлін бейнелеу	1	04.03.2025ж
28	Натюрморт. Көктемгүлдері	1	11.03.2025ж
29	«Ою- өрнектер» бейнелеу	1	18.03.2025ж
30	«Сәукеле» безендіру	1	25.03.2025ж
31	«Күннің шуағы» бейнелеу.Шанышқымен дәстүрден тыс әдіс арқылы	1	01.04.2025ж
32	«Кемпірқосақ» бейнелеу. Шашырату әдісі арқылы жасау	1	08.04.2025ж
33	«Көңілді шарлар» бейнелеу.Дәстүрден тыс техникасы бойынша	1	15.04.2025ж
34	Монотипия әдісі арқылы «Көбелек» бейнелеу	1	22.04.2025ж
35	Алақанмен сурет салу. Бала қиялына қарай шығармашылық жұмыс	1	29.04.2025ж
36	Трубкамен үрлеу әдісі . «Гүлдер» жасау		13.05.2025ж 20.05.2025ж

Барлығы – 36сағат

28.02.2025 ж.
Шеңбері
Ақбота

№ 9 «Балауса» бөбекжай- балабақшасы

Үйірме жұмысы Бейнелеу өнері

«Аққала» дәстүрден тыс сурет салу техникасы

«Балдырған» ортаңғы тобы
Тәрбиеші: Досжанова Ақбота

2023-2024 оқу жылы

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Үйірме жұмысының тақырыбы: «Аққала»

Үйірме жұмысының мақсаты: Қыс көрінісі оның ерекшеліктері туралы таныстыру. Сурет салуға қызығушылығын ояту. Дәстүрден тыс технологиясы арқылы сурет салды үйрету. Сурет салу барысында балаларды әсемдікке, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Түстерді ажыратуға үйрету

Қолданылатын әдіс- тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап, дидактикалық ойындар

Ресурстар: қылқалам, гуашь, сүрткіш, аққала және қыс мезгілі фото суреттері

Шаттық шеңбері

Амансың ба, Алтын күн!

Амансың ба, Жер ана!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам!

Мотивациялық қозғаушылық

Балалармен сәлемдесу, көңіл - күйлерін сұрау, ауа райын, жыл мезгілін сұрау, маусымдық өзгерістер туралы сұрау

Іс әрекет барысы:

Тәрбиеші балаларға қыс көрінісі туралы фото сурет арқылы түсіндірме жасайды, аққаланың қыс мезгілінде болатындығын және ол туралы қызықты мәліметтер айтып, аққала туралы мағлұмат береді.

Тәрбиеші: Балалар, сендерге аққала түсінікті болса, осы аққаланың суретін салуға қалай қарайсыңдар?

Балалар: жақсы

Тәрбиеші: Ендеше, мына орталықтарға отырып, аққаланың суретін салып көрейік не?

Балалар үш орталыққа отырып 3 түрлі дәстүрден тыс технологиясы арқылы суреттер салады

І-топ «Балауызбен сурет салу» техникасы бұл технологияда балаларға алдын ала балауызбен аққаланың суреті ақ қағазға салынып, беріледі және соның бетін балалар ашық көк түске бояйды, сол кезде аққаланың бейнесі пайда болады

2-ші топ «Саусақпен сурет салу» техникасы бұл техникада, аққала бейнесі қағазға бейнеленіп тұрады, балалар сол бейнені кленкаға салады және сол кленка ішіне бояуды тамшылатып отырып салады, кленка сыртынан саусақ арқылы бастырып жайылдырып бояйды және бұл ұқыпты жұмысты орындауға да тиімді, саусақ бүлінбейді

3-ші топ «Әйнекке сурет салу» техникасы бұл техника аққаланың суретін гуашь пен қылқаламды пайдалана отырып, әйнекке аққаланың бейнесін салумен жүзеге асады.

Сергіту сәті аққала әні

Тәрбиеші кері байланыс жасайды, орталықтарда не істегені туралы сұрайды

Тәрбиеші балаларды ортаға жинап, ойын ойнатады

«Түрлі -түсті түймелер» дидактикалық ойыны

«Аққалаға не жетіспейді?» дидактикалық ойыны

Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: Аққала мен қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы

Біледі: аққаланың не екенін және оның суретін салуды

Қолданады: оқу іс -әрекетінде аққаланы дәстүрден тыс техниклар арқылы салуды және ұқыпты жұмыс жасауды



